



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

- ағылшын тілінің әртүрлі нұсқаларымен танысу. Студенттің әртүрлі нормалар, диалектілер, екіпіндер туралы білуі, оларды тану қабілеті қарым-қатынас қиындықтарын жояды, мәдениетаралық қатысымдық құзіреттілікті қалыптастырады [4].

Әдебиеттер тізімі:

1. Титова С.В., Авраменко А.П. Эволюция средств обучения в преподавании иностранных языков: от компьютера к смартфону // Вестн. Моск.ун-та. Сер. 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. 2013. № 1
2. Соловова Е.Н. Методика обучения иностранным языкам: продвинутый курс: Пособие для студентов педвузов и учителей. 2-е изд. М.: Астрель, 2010. С. 93.
3. Колесникова А.Н. Современные подходы к использованию видео на уроках фонетики в языковом вузе // Вестн. Волгоградского университета. 2015. № 5. С. 74–78.
4. Колесникова А.Н., Коренев А.А. Воспитание толерантности к акцентам иностранной речи на уроках фонетики в языковом вузе // Вестн. Моск. ун-та. Сер. 19. Лингвистика и межкультурная коммуникация. 2015. № 4. С. 140-148.

ӘОЖ: 004.853:005.591.6

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ РЕФЛЕКСИВТІ ПРАКТИКАНЫ ПАЙДАЛАНУ

Әуелбекова Ақмаржан Өсемханқызы,
филология ғылымдарының кандидаты
Астана халықаралық университеті
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
Әділбекова Жеңіскүл Қуандықызы,
филология ғылымдарының кандидаты
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университеті, Шымкент қ., Қазақстан

Аннотация

Қазіргі таңда еліміздің білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер мен бастамалар жаңашылдыққа кеңінен жол ашуда. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар мұғалімдер тарапынан тиімді қолданылуда. Мақалада білім беру процесіндегі соны жаңашылдықтың бірі – рефлексивті практиканы пайдаланудың ұтымды жақтары, оның жаңа білімнің іргетасы екендігі жан-жақты қарастырылған.

Түйінді сөздер: инновация, оқыту, рефлексия, ойлау, дағды, мұғалім, сабақ.

Аннотация

Масштабные изменения и инициативы, происходящие сегодня в сфере образования страны, открывают широкие возможности для инноваций. В этом направлении педагогами эффективно используются содержание, структура образования в различных вариантах, новые идеи, основанные на науке и опыте, новые технологии. В статье подробно рассмотрено, что одним из новшеств в образовательном процессе является рациональность использования рефлексивной практики в образовательном процессе, что является фундаментом нового знания.

Ключевые слова: инновация, обучение, рефлексия, мышление, навыки, учитель, урок.

Abstract

Today, large-scale changes and initiatives taking place in the education sector of the country open the way to innovation. In this direction, the content, structure of education in various variants, new ideas based on science and experience, and new technologies are effectively used by teachers. The article examines in detail one of the innovations in the educational process – the advantages of using reflexive practice in the educational process, its foundation for new knowledge.

Keywords: innovation, to teach, reflection, to think, skill, teacher, lesson.

Қазіргі кезеңде білім беру саласында белең алып отырған ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулер жаңашылдыққа кеңінен жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Бұл үшін оқытушыларға инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал, жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейіне жеткізеді. Сондықтан, оқытушының біліктілігін көтеру мен шығармашылық, педагогикалық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі инновациялық педагогикалық технологияларды меңгерудің маңызы зор.

«Инновация ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әр түрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс: «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», - дейді.

Әл-Фараби: «Ұстаз қызметінің мақсаты – балаға бақытқа жетудің жолын табуға көмектесу», - деп есептесе, А.Дистерверг: «Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп, табуға үйретеді»-деп, білімді ұстаз оқушының тапсырманы ықпалымен, шабытпен орындауына әсер ететінін айтты.

Инновация термині қазірде білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. Біз үшін инновациялық алаң – инновациялық үрдіс жүзеге асып жатқан білім беру кеңістігі (мектеп, ЖОО және т.б.). Ал, инновациялық жанұя – инновациялық тәртіп қызметіндегі қоғамдық білім беру, ұжым.

Инновациялық оқытудың маңызды факторы - мұғалімнің оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсіну мен бағалай алуы. Мұндай тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Осылайша, оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды.

Сондай-ақ инновациялық әдістерді пайдалана отырып оқыту оқушының: еркін ойлануына мүмкіндік береді, ақыл-ойын дамытады; шығармашылық белсенділігін арттырады; ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді; тіл байлығын жетілдіреді; жан-жақты ізденушілігін арттырады. Сондай-ақ мұғалімдер үшін де пайдалы: түрлі әдістерді пайдалану арқылы сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі; оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік береді; әр оқушының білім деңгейін анықтауға болады; оқушыларды ізденіске баулып, өз бетінше жұмыс істеуге үйретеді; оқушылардың барлығын бағалауға болады.

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі – рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және т.б. құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Соңғы жылдары педагогикалық тәжірибеде рефлексияға көп көңіл бөлініп жүр. Джон Дьюи мен Дональд Шон кез келген мұғалім «Рефлексивті практик» болулары керек деген пікір қалыптастырған. Дьюидің «*Біз қалай ойлаймыз?*» (1910) деген еңбегінде рефлексивті ойдың білім беруге ерекше ықпал ететіндігі туралы айтса, Шонның «Рефлексивті практик: кәсіби іс-әрекетте қалайша ойланады» (1983) деген кітабында «ойлану» түсінігін «іс-әрекеттегі толғанис» және «іс-әрекеттен кейінгі толғанис» деп бөліп, бірқатар түсініктемелер келтірген.

Жаңа дәуір философиялық идеялары «өзіндік» және «мен» ұғымдарына бағытталады. Жаңа құндылық – адамның өзіндік «мен» құндылығы пайда болды. Бұдан басқа да рефлексия жайында айтылған философиялық ойлар негізінен «адамның өзіне бағытталған зерттеу жұмысы», «өзіңнің ақылың мен рухыңды өзіңнің бақылауың» дегенге келіп саяды. Н.В.Кузьмина: «Адам өзін-өзі іске қосу барысында дамуға мүмкіндік алады, ол үшін әртүрлі дереккөздерден алынған білімді жинақтау, оларды тәжірибеде қолдану үшін жүйеге келтіру, «кері байланысты» жүзеге асыру сияқты әрекеттер жасайды», - дейді [1, 87б]. Н.Б.Ковалева [2, 185б] және И.Н.Семенов [3, 43б] кәсіби шығармашылықтағы рефлексияның рөліне байланысты оны әр түрлі кәсіби позицияларға өтудегі икемділік деп есептейді.

Рефлексивті білім беруге білім алушылардың не үйренгендері жайында сыни тұрғыдан ойлауы да жатады. Себебі тек рефлексия оқу үдерісіне, өзінің іс-әрекетіне өз бетінше баға беру мен оның нәтижелерін ескеруге мүмкіндік береді. Іс-тәжірибеде көрсеткендей, мұғалімдер, негізінен, оқушылардың эмоциялық күйін түсінуге, сабақ немесе оқу курсы барысында олардың қарқынын тексеруге мүмкіндік беретін рефлексияның әр түрлі тәсілдерін пайдаланады. Мұнда көбінесе рефлексивтік материалдың үлкен құндылығы қажетті деңгейде бағаланбайды.

Өз тәжірибемізде байқағанымыз, білім беру үдерісінде рефлексивті практиканы пайдалану «оқушы-мұғалім» жүйесінде тиімді және шын мағынасында субъект аралық қатынастарды орнатуға мүмкіндік береді. Рефлексия бүкіл білім беру үдерісінің іргетасы бола алады. Сондай-ақ рефлексияланатын тәжірибе негізінде оқытудың өзі тиімді, себебі рефлексия өз бетінше «жеке адамның санасында әрқашан жаңа білімді тудырушы» екендігіне көзіміз жетті.

Рефлексивтік тәсілдердің уақыт бағыттылығына қарай келесі түрлерге жіктеуге болады:

- Осы уақытқа дейінгі өз тәжірибесіне сыни көзбен қарап, бұрынғы уақытта орын алған сұлбаны, құралдар мен оқыту үдерістерін анықтау және қайта жасау;
- Болашақта өз тәжірибесіне қандай өзгеріс енгізетінін және қалай жүзеге асыруды жоспарлау. Мүмкін болатын іс-әрекетінің сұлбасы мен құралдарын анықтау;
- Іс-әрекетті жүзеге асыру барысында ойлау үдерісін бақылау, түзету немесе күрделендіру.

Рефлексияның оқу үдерісін байыту және сапалы қайта құру үшін мүмкіндіктері қаншалықты кең екенін тіпті осы қарапайым жіктеу көрсетеді.

Рефлексияны пайдалану әр адамның өзіндік тұлғалық дамуына да өзекті екендігіне назар аударуымыз керек. Сауатты және жүйелі қолданылатын рефлексия психологиялық-педагогикалық

зерттеудің күшті құралы, жеке тұлғалық дамуын өзектілейтін және кәсіби эмоциялық күйіп кетуіне тиімді «иммунизация» құралы бола алады. Сондықтан «Рефлексия» қазіргі кездегі білім саласындағы көкейтесті мәселелер қатарына жатады.

Бізде, шынын айту керек, кейбір мұғалімдер өзгерістен қорқады, кейбір мектептерде қалыптасқан мәдениет жаңашылдық пен өзгеріске соншалық мән бермей келеді, кейбір кезде бір нәрсені жасау үшін біздің өзімізде сенімділік жетіспей жататынын байқаймыз. Осыдан шығатын қорытынды, жеке тәжірибе мен тұжырымның өнімді болуы үшін үйреншікті, стереотипті түрде әрекет етуді (оның ішінде ойлауды) тыя білу маңызды. Жағдайдан «өрмелеп шыға» білу, оған басқа позициялардан қарай білуге, сыни тұрғыдан талдай білуде қиналып жатады.

Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, білімінің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтау. Бейнелеп айтқанда буы бұрқырап, қазан қақпағын ұшырардай сәтті аңдымай, мұғалімдердің рефлексиялық мәдениетін қалыптастыру керек екендігіне көзіміз жетті. Ертеректе жапон халқы біреуге ренжісе, сол адамның сұлбасын алдына қойып, өздерінің реніштерін айтып, соққылап, шерлері тарқағанша, сойып салады екен. Әрине, бізде де осыған ұқсас әрекеттер кездесетінін жасырмаймыз, бірақ мұндай әрекеттен өзгеше әрекет ету, өзгеше ойлау, басқаша айтар болсақ, аурудың алдын алып емдеу керектігі сияқты әрекет керектігін түсінеміз. Әйтпесе, біз Қазақстанда білім беру сапасын арттыру жолында «адасып» қалуымыз мүмкін.

Рефлексивті орталық тұлғаның шығармашылық еркіндігі, ол – дамытушылық қарым-қатынас жүйесі. Мұндай ортаның барлық қатысушылары ашық бірлескен әрекетті бірлесе талдау арқылы өздерінің ішкі «қорларын» ашуға мүмкіндік алады. Біліктілікті арттыру жүйесіндегі рефлексиялық орта дамытушылық, дамушылық қарым-қатынастар жүйесі болып табылады. Ол субъектінің ішкі әлеміне қатысты көп деңгейлі және күрделі үрдіс. Мұнда субъектілердің ашықтығын, психологиялық теңдігін сақтау басты шарттардың бірі болып табылады. Мұндай жағдай мұғалімдердің бірін-бірі толықтыра отырып, бірлесе дамуға жетелейді.

Рефлексиялық мәдениетті дамытудың қазіргі кездегі мәнінің артуы әр түрлі инновациялық-гуманистік әдістердің пайда болуына әкелді. Қазіргі білімдік мақсаттарға сай білім алушыны рефлексия жасауға дағдыландыру басты мақсаттың бірі болғандықтан, ол – сабақтың да негізгі компоненттерінің бірі болуы тиіс. Рефлексивтік іс-әрекет білім алушыға өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Білімді саналы түрде өзіндік қорыту, яғни рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асыруға болады. Рефлексия нәтижесі дегеніміз – міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну және алған өзара әрекеттестік нәтижесінде өз дамуының өнімділігін бағалау.

Мұғалім ең алдымен өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға, педагогикалық шеберліктің дамуына атсалысу керек. Өйткені, біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, сыни талқылап, ой елегінен өткізе білетін ұрпақ қажет. Яғни, оқушылар мағлұматтар мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, осы алған мәліметтері пайдалы болатындай ойланулары керек. Олар жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алулары қажет. Сондықтан сыни тұрғыдан ойлайтын мұғалімдер ғана балалардың сыни тұрғыдан ойлауына, дамуына ықпал ете алады. Бірақ, ең алдымен, біз рефлексивті білім беру ұғымын саралап, сыни тұрғыдан ойлаудың білім беру бағдарламасында туындаған қажеттілігін ескеруіміз керек.

Білім алушылардың кез келген іс-әрекетінің кез келген кезеңі рефлексиямен аяқталуы керек.

Білім алушылардың рефлексиялық мәдениеті келесі компоненттермен сипатталады:

- адамның проблемалы ситуацияларды шығармашылықпен түсіну және жеңуге дайындығымен және қабілетімен;
- жаңа білім мен құндылықтарды меңгеру іскерліктерімен;
- үйреншікті емес тұлғааралық қарым-қатынастар жүйесінде бейімделу іскерлігімен;
- ерекше практикалық тапсырмаларды қою және шешу;
- белгісіздікте жұмыс жасау іскерлігі.

Біздің міндетіміз білім алушылармен шығармашылық байланысты қамтамасыз ету, сондай-ақ іс-әрекеттері арасындағы байланысты арттырып, білім алу үрдісінің қарқындылығын, оқыту және дайындық деңгейін көтеру, рефлексияға қабілеттілігін арттыру.

Джон Дьюи мен Дональд Шонның кітаптарында «ойлану» түсінігін «іс-әрекеттегі толғаныс» және «іс-әрекеттен кейінгі толғаныс» деп көрсеткендей, мұғалімдер сабақ жайлы ой толғау және өзіндік ой толғау деген не екенін түсінгені маңызды болар еді.

Мұғалімдерге «өз сабағына» сырттан қарауға, оқытуындағы жақсы жақтарды көре білуіне және өз ойындағыдай болмаса, сұрақ қоя білуіне, қалай жоспарлағаны туралы ойланып, келесі сабақта не нәрсеге көңіл бөлу керектігін көре білуге, рефлексия жасауға дағдыландыруды мақсат ету керек деп ойлаймын.

Көптеген мұғалімдерді оқушылардың негізінде бүгін нені білу керекі емес, өздерінің сабақ жоспары, өз міндеттері мен стратегиялары көп ойландырады. Олар өздерін және стратегияларды ғана көреді, өз дауыстарын естіп, және өздерінің әрекетін бақылап, тіпті кейбіреулері алдарында отырған оқушыларды «аңғармайды». Мұндай жағдайда мұғалімді мазалайтын мына сұрақтар болуға тиіс: Осы

стратегияны не үшін қолданамын? Осы стратегияны қалай қолданып, сабақтың мақсатына қалай жетемін? Біз тапсырмаларды оқушымен қалай орындаймыз?

Рефлексия – бұл стратегия емес, бұл – дағды, бірақ ол барлық стратегия мен әдістерді ауыстыра алады. Кез келген жағдайда мұғалім ой толғаныс жасай алса, оның әрекеті аяқ астынан болмайды, мұндай мұғалімдерді тез әрі нақты жауап қызықтырмайды, таным процесі қызықтырады.

Мұғалім өз сабағы жайлы ой толғаныс айтқанда, әдетте олар сынау мен қалай оқыту керегі жайлы кеңесті күтеді. Алайда олардың әрекетін сынап, талдаудың орнына, сабақ барысы туралы әртүрлі сұрақтар қойып, оған жан-жақты ойлануға және үйренуге көмектесіп отыру қажет. Мүмкіндігінше өз қатесін көруге көмектесу. Жіберілген кейбір сәтсіздіктерді өзіндік рефлексия жасау кезінде, келесі жолы оны басқаша жасауды өзі ойланатындай әрекет жасау керек деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. – М., 1990. - 119 с.
2. Ковалева Н.Б. Подростки на пересечении миров: СДИ или поиски выхода из лабиринта. // Сборник научных статей «На пороге взросления». – М, МГППУ, 2012 . С. 185
3. Семенов И.Н. Проблемы рефлексивной психологии решения творческих задач. –М., НИИ ОПП АПН СССР, 1990.- 108 с.

УДК 37.013

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ТЕМЫ «ТАБЛИЧНОЕ УМНОЖЕНИЕ И ДЕЛЕНИЕ» НА УРОКЕ МАТЕМАТИКИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Жандауова Шолпан Еркиновна,

магистр педагогики и психологии
старший преподаватель

Хлюпка Юлия Викторовна,

ОП Педагогика и методика начального обучения
студент 3 курс

Костанайский региональный университет
им. А.Байтурсынова, г.Костанай

Аннотация

Зерттеудің өзектілігі мынада: зерттеу бастауыш сыныптарда «кестелік көбейту және бөлу» тақырыбын зерттеуде интерактивті әдістерді қолданудың теориялық және практикалық мәселелерін қарастырады. Мақсаты. Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін дамыту құралы ретінде көркем әдебиетпен жұмыс істеу негіздерін ашу.

Түйінді сөздер: математикалық білім, оқытудың интерактивті әдістері.

Аннотация

Актуальность исследования состоит в том, что в исследовании рассмотрены теоретические и практические вопросы использования интерактивных методов при изучении темы «Табличное умножение и деление» в начальных классах. Цель. Кестелік көбейтуді тиімді зерттеу шарттарымен жұмыс істеу негіздерін ашыңыз.

Ключевые слова: математические знания, интерактивные методы обучения.

Abstract

The relevance of the research lies in the fact that the study examines the theoretical and practical issues of the use of interactive methods in the study of the topic «Tabular multiplication and division» in primary school. Goal. Discover the basics of working with conditions for effective study of table multiplication.

Keywords: mathematical knowledge, interactive teaching methods.

Перед современным казахстанским обществом стоит важная задача – не только соответствовать новым тенденциям, но и опережать их, создавать свои тренды. Это обуславливает постоянное обновление и совершенствование системы образования, которая предъявляют новые требования к предметным результатам.

Первый Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев в своем послании народу в январе 2018 года отмечал важность изучения математических знаний для экономического развития страны, основы которых закладываются еще в начальной школе. Одним из главных требований, предъявляемых к результатам обучения начального курса математики, является не просто знание таблицы